

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ ФОРУМ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ
НАУЧНЫЙ ФОРУМ
"SHOQAN
ECOLOGY
2025"**



**26-27 СӘУІР, 2025
26-27 АПРЕЛЯ, 2025**

Junior 3-7 сыныптар

Секция 1: Өсімдіктер-
біздің жердің жасыл
батырлары

Секция 2: Жануарлар
әлемі

Секция 3: Адам және
экология

Секция 4: Жердің табиғи
құбылыстары. Табиғаттың
таңғажайып күштері.

Junior 3-7 классы

Секция 1: Растения-
зеленые герои нашей
планеты

Секция 2: Мир животных

Секция 3: Человек и
Энергия

Секция 4: Стихии Земли.
Удивительные
силы природы

**ТІРКЕЛУ/РЕГИСТРАЦИЯ
ДЕЙІН/ДО 01.03.25**

SHOQANECOLOGY.KZ



ЕРЕЖЕ

Шоқан Уәлиханов атындағы жеке мектеп базасында
3-7 сынып оқушылары арасында
«Shoqan Ecology Junior»
халықаралық жас ғалымдар форумын өткізу туралы

Алматы, 2024 ж.

1. ФОРУМНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

SHOQAN ECOLOGY JUNIOR

1.1. Форумның мақсаты – 3-7 сынып оқушыларының жалпы білім беретін және арнайы мектептерінде экологиялық мәселелер бойынша жобалық, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстарға қызығушылығын арттыру.

1.2. Форумның міндеттері - 3-7 сынып оқушыларының интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамыту, экологиялық мәселелерді, олардың пайда болу себептері мен шешімдерін зерттеуге ынталандыру. Қоршаған орта экологиясын зерттеу үшін STEM ғылымдары (жаратылыстану ғылымдары) бойынша дағдыларды, құзыреттерді және білімді арттыру.

1.3. Форумға қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар: Форумға Қазақстан Республикасынан, ТМД елдерінен және алыс- жақын шетелден 3-7 сынып оқушылары (жалпы білім беретін және арнайы оқу орындарынан) қатыса алады.

1.4. Форумның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

2. ФОРУМДЫ ӨТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ

SHOQAN ECOLOGY JUNIOR

2.1. Форум 2 кезеңнен тұрады:

- 1-кезең – қатысуға тіркелу және іріктеу кезеңі онлайн форматта. Қатысушыларды тіркеу 2025 жылдың 1 наурызына дейін жалғасады. 2025 жылдың 1 наурызынан кейін жоба жұмыстары тіркеуге қабылданбайды.
- 2-кезең – іріктелген жұмыстарды офлайн форматта қорғау.
- 3-кезең – іріктелген жұмыстар бойынша жобалар жәрмеңкесі.
- 4-кезең – қорытынды шығару және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау.

2.2. Форумның 1-кезеңіне қатысу үшін мына сілтеме арқылы тіркелу қажет: <http://surl.li/rkemci>.

2.3. Іріктеу кезеңінің нәтижелері тіркеу формасында көрсетілген ғылыми жетекшінің байланыс нөміріне және электрондық поштасына жіберіледі.

2.4. Тіркеудің міндетті талабы – қатысушылардың жоба жұмыстарының презентациясын PDF форматында жүктеу, сондай-ақ ұзақтығы 90 секундтан кем емес және 120 секундтан аспайтын бейневизитка ұсыну. Бейневизитка келесі ақпаратты қамтуы тиіс: қатысушылар туралы мәліметтер, жоба жұмысының атауы, мақсаты мен міндеттері, жұмыс нәтижесі және макеттің демонстрациясы.

2.5. Ұйымдастырушылар жоғарыда және төменде көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстарды қабылдамауы мүмкін.

2.6. Тіркелу үшін міндетті жарна – 10 000 теңге. Егер жұмыс 2-кезеңге жіберілмесе,

жарна қайтарылмайды. Төлем туралы нұсқаулық осы Ереженің 1-қосымшасында көрсетілген.

2.7. Форумның 2-4 кезеңдерін өткізу мерзімі туралы ақпарат "Shoqan Ecology Junior" форумының өткізу уақыты мен орны" құжатында көрсетілген.

3. ФОРУМНЫҢ СЕКЦИЯЛАРЫ МЕН САНАТТАРЫ

SHOQAN ECOLOGY JUNIOR

3.1. Форумда жобалық жұмыстар келесі секцияларда қабылданады:

№	Секцияның атауы	Секцияның сипаттамасы
1	Өсімдіктер – біздің ғаламшарымыздың жасыл батырлары.	Өсімдіктер әлемінің әртүрлілігіне, қорғауға және қалпына келтіруге арналған зерттеулер. Қатысушылар ластану мен климат өзгерісінің өсімдіктерге әсерін зерттеп, флораны қорғау және қалпына келтіру әдістерін әзірлей алады. Жобалар теориялық, эксперименталды немесе практикалық шешімдерге, мысалы, жасыл аймақтар құру немесе сирек кездесетін өсімдік түрлерін зерттеуге бағытталуы мүмкін.
2	Жануарлар әлемі	Жануарлар мен олардың мекендеу ортасын зерттеуге және қорғауға арналған жобалар. Қатысушылар адам әрекетінің жануарлар әлеміне әсерін зерттей алады, жойылып бара жатқан түрлерді қорғау әдістерін ұсынады немесе жануарларды бақылау және қорғау технологияларын әзірлей алады. Бұл секция биоәртүрлілікті сақтау және экожүйелердің тұрақтылығын арттыруға бағытталған жұмыстарды құптайды.
3	Адам және экология	Қоршаған орта жағдайы мен адамның денсаулығы арасындағы байланысты зерттеу. Қатысушылар ауаның, судың және тағамның ластануының денсаулыққа әсерін зерттей алады, елді мекендер экологиясын жақсарту және экологиялық негізделген аурулардың алдын алу жолдарын ұсына алады. Бұл секцияда теориялық зерттеулермен қатар, өмір сүру сапасын жақсартуға арналған инновациялық шешімдерді пайдаланатын ғылыми-практикалық жобалар қабылданады.
4	Жер стихиялары. Табиғаттың ғажайып күштері	Табиғаттағы физикалық процестер мен олардың өсімдіктер әлеміне әсеріне арналған жобалар. Қатысушылар күн радиациясы, ауа райы жағдайлары немесе механикалық процестердің

		өсімдіктерге әсерін зерттей алады, өсімдіктерді қорғау және күту технологияларын әзірлей алады. Секция аясында эксперименталды зерттеулер және ғылыми-практикалық сипаттағы әзірлемелер, мысалы, суару мен өсімдіктерді қолайсыз жағдайлардан қорғаудың инновациялық әдістері қабылданады.
--	--	--

3.2. Барлық жобалық жұмыстар әр секцияда үш жас санатында тыңдалатын болады:

Бірінші жас тобы: 3-4 сыныптар.

Екінші жас тобы: 5-6 сыныптар.

Үшінші жас тобы: 7 сыныптар.

3.3. Жобалық жұмыстарды үш тілде ұсынуға болады: орыс, қазақ, ағылшын.

3.4. Бір жобалық жұмыс тек бір санатта ғана қатыса алады.

3.5. Бір адам бірнеше жобалық жұмыстың авторы бола алмайды.

3.6. Командалық жұмысқа екі оқушыдан артық қатыса алмайды. Назар аударыңыз, команда мүшелері 3.2 тармақшасында көрсетілген бір жас санатында болуы керек.

4. ФОРУМҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР (SHOQAN ECOLOGY JUNIOR)

4.1. Әр секцияда жобалық жұмыстар экологиялық мәселелер саласындағы зерттеушілік, теориялық, эксперименттік немесе ойлап табу болуы мүмкін.

4.2. Барлық зерттеу жұмыстарына міндетті талап – қолданбалы маңыздылығын көрсететін макеттің болуы. Зерттеу жұмысын таныстыру үшін .pptx форматында презентация және жобалық жұмыстар жәрмеңкесіне арналған A1 форматында постер болуы керек.

4.3. Жобалық жұмыстар экологиялық мәселелерді зерттеп, оларды ашуы тиіс.

4.4. Жобалық жұмыстар қатысушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дағдылар мен қабілеттерге сәйкес болуы керек.

4.5. Жобалық жұмыстар оқушылардың экологиялық мәселелерге деген қызығушылықтарын арттыруға және ақпараттандыруға бағытталуы керек.

4.6. Жобалық жұмыстардың презентациялары келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

- Жобалық жұмыстың атауы, секция, жас санаты, мақсаттары мен міндеттері.
- Жобалық жұмыстың өзектілігі мен жаңалығы;
- Гипотеза немесе күтілетін нәтиже;
- Әдістер, тәсілдер, кезеңдер;
- Жобалық жұмыстың нәтижесі немесе қорытындысы;
- Жобалық жұмыстың нәтижелері мен қорытындылары бойынша тұжырымдар;
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

4.7. Жобалық жұмыстардың постерлері А1 форматында (59,4x84,1 см) болуы тиіс және келесі ақпаратты қамтуы керек:

- Жобалық жұмыстың атауы, секция, жас санаты, мақсаттары мен міндеттері.
 - Жобалық жұмыстың өзектілігі мен жаңалығы;
 - Гипотеза немесе күтілетін нәтиже;
 - Әдістер, тәсілдер, кезеңдер;
 - Жобалық жұмыстың нәтижесі немесе қорытындысы;
 - Жобалық жұмыстың нәтижелері мен қорытындылары бойынша тұжырымдар;
- Постер үлгілерін осы ереженің №2қосымшасында көруге болады.
- 4.8. Әрбір жобалық жұмыстың таныстырылым уақыты – 10 минут.

5. ЖҰМЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ ЖӘНЕ ФОРУМНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ (SHOQAN ECOLOGY JUNIOR)

5.1. Жобалық жұмыстарды бағалау келесі критерийлер бойынша жүргізіледі:

- Жобалық жұмыстың мақсатын және міндеттерін түсіну;
- Өзектілік пен жаңалық;
- Жобалық жұмыстың толық ашылуы;
- Қатысушылардың жас санатына сәйкес білім мен дағдылардың қолжетімділігі;
- Шешендік өнер(ораторлық);
- Жобалық жұмыстың практикалық және теориялық байланысы.

5.2. Жұмыстарды бағалауды қазақстандық және әлемдік жаратылыстану математика және экология саласындағы танымал ғалымдардан тұратын қазылар алқасы жүзеге асырады.

6. ФОРУМНЫҢ ӨТЕТІН УАҚЫТЫ МЕН ОРНЫ (SHOQAN ECOLOGY JUNIOR)

Форумның өткізілу күні: 2025 жылдың 26-27 сәуірі.

Өткізілу орны: Алматы қаласы, 050059, Медеу ауданы, Самал-3 микрорайоны, 37/1 үй, «Шоқан Уәлиханов атындағы Жеке мектеп» ЖШС.

Қосымша 1

Форумға қатысу үшін 2025 жылдың 1 наурызына дейін тіркеу формасын толтыру қажет: <http://surl.li/rkemci>

Жұмысты тапсыру алдында ұйымдастыру жарнасын 10000 (он мың) теңге мөлшерінде төлеу керек.

Ұйымдастыру жарнасы тамақтану (бірінші күннің түскі асы және кофе-брейк), бағалау және рецензиялау шығындарын жабады.

Ұйымдастыру жарнасын төлеу туралы нұсқаулық видео түрінде келесі сілтемеде ұсынылған: https://youtu.be/gIoKjtVh5_w

Шет елдерден (ТМД және алыс шетелдер) қатысушылар үшін ұйымдастыру

жарнасы Форумның басталуына дейін қолма-қол төленеді, егер білім беру мекемесінен директордың қолы мен мөрімен расталған кепілдік хаты болса. «ТӨЛЕМ МАҚСАТЫ» графасында міндетті түрде келесідей жазу қажет: «Форумға қатысу үшін ұйымдастыру жарнасын төлеу, Тегі Аты Әкесінің аты, мектеп №____» Ұйымдастыру жарнасын төлеу үшін мектептің төмендегі реквизиттерін пайдаланыңыз:

ТОО «Шоқан Уәлиханов атындағы Жеке мектеп» реквизиттері:

БИН 180940031443

Кбе 17

КНП 861

ИИК KZ588562203106993908

БИК KСJBKZKX

«ТӨЛЕМ МАҚСАТЫ» графасында: Форумға қатысу үшін ұйымдастыру жарнасын төлеу, _____ (қатысушының ФИО мен ИИН көрсетіңіз)

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Ұйымдастыру жарнасы әр қатысушы үшін жеке төленеді. Бір адам бірнеше жобалық жұмыстың авторы бола алмайды. Командалық жұмыста 2 оқушыдан артық қатыса алмайды.

Ұйымдастыру жарнасы қайтарылмайды, егер жұмыс екінші кезеңге өтпесе.

Екінші кезеңге өтпеген ғылыми жұмыстар бойынша апелляция қарастырылмайды.

Форум қатысушыларымен кері байланыс Telegram арнасында және shoqanecology@shoqanschool.kz электрондық пошта арқылы жүргізіледі.

Шақыру хаттары және Форумның бағдарламасы талаптарға сәйкес келетін жұмыстарға жіберіледі.

Командировкалық шығындар (тасымалдау және тұру) жіберуші тараптың есебінен төленеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: 1 наурыз 2024 жылдан кейін түскен өтініштер қарастырылмайды.

Таңдалған жұмыстар Telegram арнасы және <https://t.me/shoqanecology> және <https://shoqanecology.kz> сайтында шақыру хатын алады.

**SNOQAN ECOLOGY JUNIOR халықаралық форум
қатысушыларының постер үлгісі**

Жалпы ақпарат Жобалық жұмыстың мақсаты / міндеттері Жобалық жұмыстың болжамы немесе күтілетін нәтижесі	Жобалық жұмыстың атауы Суреттер / кестелер (диаграммалар) / нәтижелер	Зерттеу әдістері Қорытынды
---	---	--